

## **"Қайсар" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 17 қыркүйек N 905. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.02.27 . N 245 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Павлодар аймағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың базасында "Қайсар" мемлекеттік холдинг компаниясы (бұдан әрі - Компания) құрылсын.

2. Компания басқармасының орналасатын жері Павлодар облысының Ақсу қаласы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

осы қаулыға тіркелген қосымшаға сәйкес кәсіпорындар мен ұйымдардың құрамында Компанияны құру жөніндегі құрылтай құжаттарының пакетін бір ай мерзім ішінде әзірлесін.

Компанияға Компанияның құрамына енгізілген кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану мен басқару құқығын беретін болсын.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды акцияландыру барысына қарай акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті өткеретін акциялардың пакеттерін қоспағанда, Қазақстан Республикасында 1993-1995 жылдары (II кезең) мемлекет қарамағынан алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіппен Компанияның иеленуі, пайдалануы және басқаруына берілсін.

4. Компания қызметінің негізгі мақсаттары ферросплав өндірісін дамыту, кәсіпорындардың жөндеу базасын нығайту, шет ел инвесторларын тарту деп белгіленіп, оған мыналар жүктелсін:

ферросплав зауыты мен жөндеу кәсіпорындарының қызметін, зауытты техникалық жағынан қайта жарактандыруды және хром қорытпаларын өндіруді ұлғайтуды үйлестіру;

Компанияның кәсіпорындары мен ұйымдарының өндірістік бағдарламаларын

қарап және жасап, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінде бекіттіру;  
өнімнің негізгі түрлері бойынша мемлекетке қажет өнімдер шығарудың көлемін белгілеу;

ферросплав өндірісін дамыту, халық тұтынатын тауарлар мен ауыл шаруашылық өнімін өндіру, айналадағы ортаны қорғау және оларды мемлекеттік инвестициялау жөнінде аса маңызды ғылыми-техникалық бағдарламалар жасау;

Компанияның кәсіпорындары өндіретін өнімді экспортқа шығарудың

квоталарын, лицензияларын келісу, олардың сыртқы экономикалық қызметін үйлестіру;

акционерлік қоғамдардың Байқаушы кеңестерін құру және оларға Компанияның өкілдерін тағайындау.

5. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі Компанияның қызметін қамтамасыз ету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдайтын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті және оның аумақтық комитеті Ермак ферросплав зауытымен бірлесіп қолдағы ресурстар есебінен Компанияға қажетті қызмет үй-жайларын, техникалық құралдарды және телефон мен телекс байланыстары арналарын бөлетін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 17 қыркүйектегі

№ 905 қаулысына

Қосымша

"Қайсар" мемлекеттік холдинг компаниясына

енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың

Тізбесі

Ермак ферросплав зауыты (оның барлық бөлімшелерімен қоса)

Павлодар облысының Ақсу қаласы

Ермак мамандандырылған "Ферросплавмехжөндеу" құрылыс-монтаж

басқармасы, Павлодар облысының Ақсу қаласы

Ермак мамандандырылған "Энергожөндеу" жөндеу-құрылыс кәсіпорны,

Павлодар облысының Ақсу қаласы

Ермак мамандандырылған "Металлургжөндеу" құрылыс-монтаж кәсіпорны,

Павлодар облысының Ақсу қаласы

"Диатекс" бірлескен кәсіпорны, Павлодар қаласы  
Гагарин атындағы совхоз, Павлодар облысының Ақсу ауданы  
Сүт зауыты, Павлодар облысының Ақсу қаласы  
Жаңадан салынып жатқан жеміс-консерві заводы, Павлодар облысының  
Ақсу қаласы  
"Павлодаршыны" зауыты, Павлодар қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК